

## Диалог 15

### Отбасы мерекелері жағдаяттары

- Қайырлы таң , әжетай!
- Қайырлы таң, Әлижан!
- Әже, бүгін біздің үйде қандай мереке?
- Бүгін сенің туған күнің.
- Алақай! Бүгін менің туған күнім!
- Бүгін анаң дастарқанға дәмді тағамдар қояды.
- Әже, сіз не дайындайсыз?
- Мен бауырсақ дайындаймын, құлыным.
- Алақай! Мен бауырсақты жақсы көремін.

## Диалог 16

- 8-Наурыз қандай мереке?-
- 8-Наурыз - аналар, әжелер, қыздар мерекесі.
- Аналар мерекесінде сен не істейсің?
- Аналар мерекесінде әкем, ағам және мен анама гүл сыйлаймыз.Анамды мерекемен құттықтаймыз.
- Анаңа қандай тілек айтасың?
- Анама зор денсаулық, бақытты өмір, еңбекте табыс тілеймін.